

**«Мұхаметжан Тынышбаев атындағы АЛТ университеті» АҚ білім алушыларына
2024-2025 оқу жылына арналған әлеуметтік қолдау көрсету**

Ағымдағы жылдың 11 қазанында «ALT University» АҚ әлеуметтік кеңесінің бірінші отырысы өтті. Әлеуметтік кеңесте әлеуметтік осал санаттағы білім алушылардың - барлығы 97 жеке құжаттары қаралды. Оның ішінде: **72 білім алушыға** келесідей тәртіпте әлеуметтік қолдау көрсетілді:

- III топтағы денсаулық мүмкіндігі шектеулі 13 білім алушыға бір оқу жылына Студенттер үйлерінде тегін тұру мүмкіндігі берілді;
- 10 жетім білім алушыларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға бір оқу жылына Студенттер үйлерінде тегін тұру мүмкіндігі берілді;
- «Көлік құрылысы» бағыты бойынша ҚР ЖОО-да студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының Республикалық конкурсында және логистика бойынша (салалар бойынша) XVI Республикалық студенттік пәндік олимпиадада, Қазақстан республикасының жоғары оқу орындарының студенттері арасында «Көліктік логистика» пәні бойынша I орын алған 2 білім алушыға бір реттік факті бойынша 10 АЕК берілді;
- докторанттар, магистранттар мен студенттердің XXII ЖОО аралық ғылыми-практикалық конференциясында II орын алған 1 білім алушыға бір реттік факті бойынша 7 АЕК берілді;
- Студенттік Үкіметтің «ALT University» АҚ қоғамдық өміріне және одан тыс белсенді қатысатын 10 білім алушысына ай сайын бір оқу жылына 7 АЕК берілді;
- Бір оқу жылына 3 студенттік декан мен 3 студенттік кеңестің төрағаларына Студенттер үйлерінде тегін тұру мүмкіндігі берілді;
- Студенттер үйлерінде тұратын 30 қабат старостаарға білім алушыларға бір оқу жылына СҮ-де тұру сомасының құнынан 50% жеңілдік берілді (50% студенттер өздері төлейді).

25 білім алушыға оқу ақысы бойынша мынадай жеңілдіктер берілді:

- ата-анасы I-II топтағы мүгедек, 1 студентке, әкесі екінші топтағы мүгедек, бір оқу жылына оқу ақысын төлеу бойынша 10% жеңілдік берілді;
- мүгедек бала, бала кезінен мүгедек тәрбиеленетін отбасы, 1 студентке, қарындасы бала кезінен мүгедек, бір оқу жылына оқу ақысын төлеу бойынша 5% жеңілдік берілді;
- толық емес отбасынан шыққан 20 студентке (ата-анасының біреуінің қайтыс болғаны туралы куәлік негізінде) бір оқу жылына оқу ақысын төлеу бойынша 5% жеңілдіктер берілді;
- 1 жетім-студентке бір оқу жылына оқу ақысын төлеу бойынша 30% жеңілдік берілді;
- III топтағы денсаулық мүмкіндігі шектеулі 2 студентке бір оқу жылына оқу ақысын төлеу бойынша 10% жеңілдік берілді.